

Қадірлі университет ұстаздары мен студенттері!

Сіздерді М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 80 жылдық мерейлі белесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл еліміздің білім беру саласы үшін айтулы оқиға.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті өз саласы бойынша көш бастап тұрған беделді жоғары оқу орны.

Білім ордасының көптеген түлектері түрлі салада табысты еңбек етіп, Тәуелсіз Қазақстанды өркендетуге сүбелі үлес қосып отырған бірден-бір жоғары оқу орны.

Қазіргі жаһандану заманында жастарға барлық саладағы мамандықтарды игеруде қойылатын негізгі талаптардың бірі - қоғамдағы заманауи үрдістерден қалмай, еліміздің болашағына қызмет ететін озық ойлы, білімді маман болу.

Бұл әлем елдерімен ынтымақтастықты нығайту, халықаралық деңгейде ұлт мүддесін қорғау және озық ғылым мен технологияны игеру үшін өте қажет деп білемін.

2010-2011 оқу жылы 5В120100-Ветеринарлық медицина мамандығын бітіріп, бүгінде ветеринария саласының үздік мамандарының қатарын толықтырудамын. Қатардағы ғылыми қызметкерден Оңтүстік Қазақстан ғылыми зерттеу ветеринарлық станция басшылығына дейінгі қызметтер баспалдағынан өтіп келемін. Студенттік шақтарымды еске алатын болсам, өмірдегі осындай жетістіктерге жетуіме себепші болған білім, тәлім-тәрбие берген ұстаздарыма, білім мен ғылымды ұштастыра, үйлестіре



біліп, білім берген оқытушы-профессорлар құрамына, деканат, кафедра ұжымына шынайы Алғыс айтамын.

Осы ОҚ ҒЗВС мекеме басшылары болған, в.ғ.к., доцент Жанбырбаев М., б.ғ.д., аға оқытушы [Қожабаев М.], бөлім меңгерушісі в.ғ.к., доцент, Болашақ халықаралық стипендиясының лауреаты И.А.Тұтқышбай т.б. ұстаздарымыздың берген білімі мен тәрбиесі, нұсқаулары мен ақыл-кеңестерінің арқасында, ғылым жолын таңдап, бірнеше жылдан бері еңбек етіп, қоян-қолтық әріптестік бағытта еңбек етіп келеміз.

Сіздер еліміздегі маңызды аграрлық секторға агроном, ветеринар, кадастр, су техникі т.б. мамандық иелерін дайындау міндетінде жақсы жетістіктерге қол жеткізіп, абыроймен атқара бересіздер деп сенемін.

Мерейтой құтты болсын!

Университетті, бүкіл елімізді әлемге танытатын ғылыми инновациялық жетістіктеріңіздің қатары көбейе берсін. Сіздерге ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке, тыныштық пен татулық тілеймін!

ОҚ ҒЗВС филиалының меңгерушісі,

Б.Е. Лесов